

МРПТИ 06.58.55

JEL Classification: I31

ANALYSIS OF MONETARY INCOMES AND EXPENDITURES OF THE POPULATION OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION

G. T. Kunafina¹, L. I. Sorokina², M. U. Rakhimberdinova³

¹S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

^{2,3}D. Serikbayev East Kazakhstan State Technical University,
Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of research. To analyze and evaluate cash incomes and expenses of the population in order to monitor the process of changing the standard of living of citizens for the development and implementation of state programs of social development aimed at improving the quality of life.

Research methodology. Complex analysis, systems approach, statistical research method.

Originality / value of research. The article analyzes the incomes and expenditures of the population in order to further improve the mechanism for calculating the forecast values of the standard of living of citizens.

Research results. Compared with a resident of Kazakhstan, a resident of East Kazakhstan region produces a larger volume of expenses, while the share of paid services and costs of non-food items is lower. This conclusion indicates that a resident of East Kazakhstan region forms a large share of expenses due to the purchase of food products and, above all, food.

Keywords: income, expenses, consumption, savings, living standards, living wage.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ АҚШАЛАЙ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫН ТАЛДАУ

Г. Т. Кунафина¹, Л. И. Сорокина², М. У. Рахимбердинова³

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан Республикасы

^{2,3}Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті,
Өскемен, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты. Халықтың өмір сүру деңгейін өзгерту үрдісінің мониторингі мақсатында халықтың ақшалай табыстары мен шығындарына талдау жүргізу, екінші жағынан, бұл өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік дамудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу, жүзеге асыру үшін қажетті база.

Зерттеу әдіснамасы. Кешенді талдау, жүйелі тәсіл, статистикалық зерттеу әдісі.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Мақалада халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерін бағалаудың теориялық және практикалық ерекшеліктері терең ойластырылған. Халықтың өмір сүру деңгейін болжамды есептеу тетігін одан әрі жетілдіру мақсатында кірістер мен шығыстарға талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Халықтың ақшалай табыстары мен шығыстарын талдау Шығыс Қазақстан облысында жан басына шаққандағы табыс республика бойынша көрсеткіштен жоғары екенін көрсетті. Орташа жан басына шаққанда тұтыну шығындары алынған табысты толығымен жабады.

Қазақстан тұрғынымен салыстырғанда, Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) тұрғыны азықтың көп көлемін өндіреді, бұл ретте ақылы қызметтердің үлесі және азық-түлік емес тауарларға жұмсалатын шығындар төмен. Шығыс Қазақстан облысы тұрғынының шығынының көп бөлігін азық-түлік тауарларын және бірінші кезекте азық-түлік өнімдерін сатып алу есебінен қалыптастыратынын көрсетеді.

Түйін сөздер: кірістер, шығыстар, тұтыну, жинақтау, өмір сүру деңгейі, ең төменгі күнкөріс деңгейі

АНАЛИЗ ДЕНЕЖНЫХ ДОХОДОВ И РАСХОДОВ НАСЕЛЕНИЯ ВОСТОЧНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Г. Т. Кунафина¹, Л. И. Сорокина², М. У. Рахимбердинова³

¹Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, Нур-Султан,
Республика Казахстан

^{2,3}Восточно-Казахстанский государственный технический университет имени Д. Серикбаева,
Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования. Провести анализ денежных доходов и расходов населения с целью мониторинга процесса изменения уровня жизни населения, с другой стороны, это необходимая база для разработки, осуществления государственных программ социального развития направленных на повышение качества жизни.

Методология исследования. Комплексный анализ, системный подход, метод статистических исследований.

Оригинальность/ценность исследования. В статье глубоко проработаны теоретические и практические особенности оценки показателей уровня жизни населения. Проведен анализ доходов и расходов, с целью дальнейшего совершенствования механизма прогнозных расчетов уровня жизни населения.

Результаты исследования. Анализ денежных доходов и расходов населения показал, что доходы на душу населения в Восточно-Казахстанская область выше показателя по республике. В среднем на душу населения расходы на потребление практически полностью покрывают получаемый доход.

В сравнении с жителем Казахстана, житель Восточно-казахстанской области (ВКО) производит больший объем трат, при этом доля платных услуг, и затрат на непродовольственные товары у него ниже. Что указывает на то, что житель Восточно-Казахстанская область большую долю расходов формирует за счет приобретения продовольственных товаров и в первую очередь продуктов питания.

Ключевые слова: доходы, расходы, потребление, сбережение, уровень жизни, прожиточный минимум.

КІРІСПЕ

Табыстар бүкіл халықтың материалдық әл-ауқатының негізін құрайды. Олар жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға, жинақтауға, салықтарды және басқа да міндетті және ерікті төлемдерді төлеуге пайдаланылуы мүмкін ақшалай және заттай түрдегі ресурстарды білдіреді.

Халықтың табысы туралы деректер экономиканың дамуын неғұрлым айқын сипаттайды. Кірістер статистикасының міндеттеріне халық табысының жалпы көлемін қалыптастырудың сандық сипаттамаларын, олардың құрылымын айқындау, халықтың жекелеген топтары арасында бөлу жатады [1].

Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын, әлеуметтік саясатты, бағалаудың теориялық, әдістемелік және қолданбалы аспектілері шетелдік зерттеушілердің Римашевская Н. М., Майер В. Ф., Райцин В. Я., Бузляков Н. И., Суринова А. Е., Чаянов А. В., Жеребин В. М., Романов А. Н., Савченко П. жұмыстарында қарастырылады [1- 4].

Қазақстан Республикасындағы халықтың өмір сүру деңгейінің методологиясы, теориясы және көрсеткіштерін практикалық зерттеу мәселелері отандық ғалымдар мен экономистер Мамыров Н.

К., Куница С. М., Ормонов Ж., Мухамедиев Б. М. еңбектерінде көрініс тапқан. Өмір сапасын талдау мәселелерімен Сыздықов М., Давильбекова Ж., Берешев С., Можарова В., Пак В. және т.б. айналысады [5; 6].

Макродеңгейде табыстарды өлшеу үшін халық шаруашылығы теңгерімінің бір бөлігі болып табылатын халықтың ақшалай табыстары мен шығыстары теңгерімінің деректері бойынша есептелген халықтың ақшалай табысының көрсеткіші кеңінен қолданылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бекітілген кірістерді есептеу әдістемесі және сондай-ақ, «Халықтың атаулы ақшалай табыстарын есептеу (бағалау) жөніндегі әдістемеге» сәйкес ақшалай табысқа мыналар енгізіледі: қаржы жүйесінен түсетін түсімдер (сақтандыру өтемдері, кредиттер мен несиелер, мысалы, жеке тұрғын үй құрылысына; салымдар, бағалы қағаздар, дивидендтер бойынша пайыздар түріндегі меншіктен түсетін кірістер; халықтың шетел валютасын сатудан түсетін табыстары; аударымдар бойынша алынған ақша; өзге де түсімдер) [7; 8].

Барлық осы жағдайларда ағымдағы бағалар бойынша есептелген атаулы ақшалай табыстар ескеріледі.

Қолда бар ақшалай табыстар-бұл атаулы ақшалай табыстар мен міндетті төлемдер мен жарналар арасындағы айырмашылық. Қолда бар ақшалай кірістерді талдау кезеңінде тұтыну бағаларының индексіне түзету халықтың нақты ақшалай табысының шамасын береді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде оның әрбір мүшесінің материалдық жағдайы оның жеке табысымен ғана емес, сондай-ақ өзі мүшесі болып табылатын үй шаруашылығының табысымен де анықталады.

Үй шаруашылықтарының жиынтық табысы жалақыдан, зейнетақылардан, жәрдемақылардан, жеке еңбек және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстардан, пайыздардан, дивидендтерден, рентадан және меншіктен түскен басқа да кірістерден, өзге де ақшалай кірістерден, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық пен фермерлік шаруашылықтардың оны өндіруге жұмсалған тауарлар мен қызметтердің құнын шегере отырып, өз тұтынуы үшін сатылған және өндірілген өнімдерінен тұрады.

Халықтың үлкен массасының салыстырмалы түрде төмен ақшалай табысы болған жағдайда тұтыну бюджетін бағалау кезінде оның ресурстық бөлігіне жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін түсімдерді қосу үлкен маңызға ие, бұл ретте өнімді сатқаны үшін алынатын ақша қаражаты түрінде ғана емес.

Жиынтық табысты бағалау үшін жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін тұтыну тіпті қалалық үй шаруашылықтарында жиынтық табысты қалыптастыру процесінде айтарлықтай тегістеуші рөл атқаратынын ескеру қажет, бұл жерде жалпы табыста осындай түсімдердің үлесі біршама аз емес.

Үй шаруашылығы мүшелерінің кіріс сомасы бірыңғай көзді құрайды, оның есебінен жеке табысы жоқ адамдарды қоса алғанда, оның барлық мүшелерінің мұқтаждықтары жабылады.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Қазақстан Республикасы халқының аймақтық бөлінісінде ақшалай табыстарының динамикасын, ақпараттар көзі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сүйеніп, талдаймыз, 1-кесте.

1-кесте – Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары (теңге)

Аймақтар	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2015 жылға 2018ж. өсуі	
					теңге	%
Қазақстан Республикасы	72931	82323	89565	100021	27090	37,14
Ақмола облысы	61076	70310	78666	89737	28661	46,93
Ақтөбе облысы	62620	69477	78962	83454	20834	33,27
Алматы облысы	59063	64376	67665	75992	16929	28,66
Атырау облысы	136789	141386	169137	199047	62258	45,51
Батыс Қазақстан облысы	68587	79982	87342	101431	32844	47,89
Жамбыл облысы	44582	50900	58532	65056	20474	45,92
Қарағанды облысы	70490	77992	89269	102679	32189	45,66

Қостанай облысы	59154	73180	82930	91035	31881	53,89
Қызылорда облысы	46532	62359	65779	69619	23087	49,62
Маңғыстау облысы	98340	120823	120701	134243	35903	36,51
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысы	35212	44266	43870	49510	14298	40,61
Павлодар облысы	70570	85448	92581	100892	30322	42,97
Солтүстік Қазақстан облысы	58265	68263	76708	82913	24648	42,30
Шығыс-Қазақстан облысы	59389	71184	82513	100623	41234	69,43
Нұр-Сұлтан қ.	148005	136878	154298	155511	7506	5,07
Алматы қ.	122646	135431	137937	149932	27286	22,25
Шымкент қ.				52724	-	-
Ескерту – [9] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған						

1-кестеде келтірілген деректер көрсеткендей, Қазақстан Республикасы халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының өсімі 2018 жылы 2015 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 27090 теңгені немесе 37,14 %-ды құрады. Бұл ретте 2018 жылға республика бойынша жан басына шаққандағы орташа табыс сомасы 100021 теңгені құрады.


Шығыс Қазақстан облысында халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысының мөлшері 2018 жылы 100623 теңгені құрады, бұл ел бойынша орташа көрсеткіштен 602 теңгеге жоғары. Облыс бойынша орташа жан басына шаққандағы атаулы табыстың өсімі 2018 жылы 2015 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 41234 теңгені немесе 69,43 % құрады.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы табысының ең жоғары деңгейі 2018 жылы Атырау облысында – 199047 теңге болды, бұл республика бойынша орташадан 99026 теңгеге жоғары, бұл 99 % құрайды, яғни Қазақстан Республикасы бойынша орташа табыстан 2 есе артық.

Екінші орында Атырау облысынан кейін Нұрсұлтан қаласы – 155511 теңге, ал үшінші орында Алматы қаласы – 149932 теңге.

2018 жылы халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы табысының ең төмен деңгейі Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысында – 49510 теңге болды, бұл республика бойынша орташа есеппен 50511 теңгеге кем. Айырмашылығы – Атырау облысымен құрайды 149537 теңге.

Шығыс Қазақстан облысы 2018 жылғы деректер бойынша республика өңірлерінің арасында халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының деңгейі бойынша 8-ші орында тұр. Республикалық көрсеткішпен салыстырғанда Шығыс Қазақстан облысы халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы деңгейінің серпінін 1-суретте көрсетуге болады.



1-сурет – Шығыс Қазақстан облысының халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы деңгейінің динамикасы
Ескерту – [9] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Халықтың атаулы ақшалай табысы халықтың табысы деңгейінің айқын көрінісіне бермейді. Сондықтан халықтың нақты ақшалай табыстарының өсуін олардың индексін талдау жолымен талдау қажет, 2-кесте.

2-кесте – Халықтың нақты ақшалай табыстарының индексі (өткен кезеңге % - бен)

Аймақтар	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	Өсім 2018ж. 2015 жылға қарай (+,-)
Қазақстан Республикасы	98,1	106,0	106,1	104,4	6,3
Ақмола облысы	102,2	105,2	104,0	108,2	6
Ақтөбе облысы	94,5	102,9	108,3	103,3	8,8
Алматы облысы	93,6	101,0	99,3	104,3	10,7
Атырау облысы	100,5	94,5	107,6	104,8	4,3
Батыс Қазақстан облысы	96,6	99,8	101,2	102,1	5,5
Жамбыл облысы	94,3	106,6	101,8	103,0	8,7
Қарағанды облысы	97,9	106,2	107,0	108,0	10,1
Қостанай облысы	96,8	108,5	104,0	106,4	9,6
Қызылорда облысы	84,6	107,9	103,8	98,6	14
Маңғыстау облысы	86,6	106,6	100,4	104,0	17,4
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысы	89,8	102,5	102,6	114,0	24,2
Павлодар облысы	100,7	111,1	106,2	106,2	5,5
Солтүстік Қазақстан облысы	97,4	104,1	101,3	102,0	4,6
Шығыс -Қазақстан облысы	99,0	107,3	110,3	115,6	16,6
Нұрсұлтан қ.	99,8	102,4	112,3	104,5	4,7
Алматы қ.	103,0	109,7	108,4	104,2	1,2
Шымкент қ.				85,9	-

Ескерту – [10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

2018 жылы орташа есеппен Қазақстан Республикасы бойынша нақты ақшалай кіріс индексі 104,4 % құрады. Шығыс Қазақстан облысы бойынша индекс 115,6 % құрады, бұл республикалық көрсеткіштен 11,2 % жоғары.

2018 жылы халықтың нақты ақшалай табыстарының ең жоғары индексі Шығыс Қазақстан облысында қалыптасты, екінші орында Ақмола облысы – 108,2 %. Нақты ақшалай табыстың ең төмен индексі 2018 жылы Қызылорда облысында – 98,6 % болды.

Жедел статистикалық ақпаратты негізге ала отырып, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2016-2018 жылдардағы тоқсан ішіндегі жан басына шаққандағы ақшалай табыс динамикасын талдаймыз (3-кесте).

3-кесте – Шығыс Қазақстан облысы халқының тоқсан ішіндегі орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысы, теңге

Ақшалай табыстардың құрылымы	Жылдар			Өсім 2018 ж. 2016 ж. қарағанда	
	2016	2017	2018	теңге	%
Ақшалай табыс, барлығы	143393	162849	179268	35875	25,02
оның ішінде:					
1.Еңбек қызметінен түсетін табыс	98117	111020	116518	18401	18,75
оның ішінде:					
Жалдау бойынша жұмыстан түскен табыс	86304	94638	103950	17646	20,45
дербес жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс	11831	16382	12568	737	6,23
2.Әлеуметтік трансферттер	38033	44925	56086	18053	47,47
оның ішінде:					
зейнетақы	33176	39273	50386	17210	51,87

жәрдемақы	4447	5128	4945	498	11,20
АӘК және тұрғын үй көмегі	6	8	1	-5	-83,33
шәкіртақы	404	516	754	350	86,63
3.Туысқандары мен таныстарынан материалдық көмек, алименттер	5443	5268	4899	-544	-9,99
4.Өзге де кірістер:	1800	1636	1765	-35	-1,94
оның ішінде:					
Меншіктен түсетін табыс	696	206	241	-455	-65,37
басқа да ақшалай түсімдер	1104	1430	1524	420	38,04
Ескерту – [10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған					

2015 жылдан бастап халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары өңірлер бойынша тоқсан сайынғы негізде есептеледі.

3-кестенің деректері көрсеткендей, Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысы халқының ақшалай кірістері, атап айтқанда, 4 базалық құрамнан құралады: еңбек қызметінен түскен табыс, алынған әлеуметтік трансферттер, туыстары мен таныстарынан алынған материалдық көмек, сондай-ақ басқа да кірістер мен шығыстар.

2018 жылы ШҚО халқының ақшалай табысы орташа жан басына шаққанда тоқсан ішінде 179268 теңгені құрады, 2016 жылмен салыстырғанда 35875 теңгеге немесе 25,02 % өсті. Бұл ретте талданатын үш жылда кен қызметінен түскен табыстардың өсуі 18,75 %-ды құрады, әлеуметтік трансферттердің үлесі 47,47 %-ға өсті, туысқандардан түскен материалдық көмектің үлесі 9,99 %-ға қысқарды, ал басқа да кірістер 1,94 %-ға азайды.

4-кестеде Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысы бойынша жан басына шаққандағы ақшалай табыс көрсеткіштерін салыстырайық.

4-кесте – Шығыс Қазақстан облысы халқының тоқсан ішіндегі орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстары, теңге

Ақшалайтабыстардыңқұрылымы	Шығыс Қазақстан облысы			Шығыс Қазақстан облысының Қазақстан Республикасына қатынасы (+,-)		
	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.
Ақшалай табыс, барлығы	143393	162849	179268	5379	14863	14550
оныңішінде:				0	0	0
1.Еңбек қызметінентүсетінтабыс	98117	111020	116518	-9480	-1027	-4928
оныңішінде:				0	0	0
Жалдау бойынша жұмыстан түскен табыс	86304	94638	103950	-6879	-1642	382
дербес жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс	11831	16382	12568	-2583	615	-5310
2.Әлеуметтік трансферттер	38033	44925	56086	13233	15434	19925
оның ішінде:				0	0	0
зейнетақы	33176	39273	50386	12754	14458	19352
жәрдемақы	4447	5128	4945	726	1145	571
АӘК және тұрғын үй көмегі	6	8	1	-46	-22	-39
шәкіртақы	404	516	754	-201	-147	41
3.Туысқандары мен таныстарынан материалдық көмек, алименттер	5443	5268	4899	1112	825	162
4.Өзге де кірістер:	1800	1636	1765	514	-369	-609
оның ішінде:				0	0	0
Меншіктен түсетін табыс	696	206	241	42	-487	-624
басқа да ақшалай түсімдер	1104	1430	1524	472	118	15
Ескерту – [10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған						


2018 жылғы тоқсанда жан басына шаққандағы жалпы ақшалай табыс республика бойынша 164718 теңгені, ал ШҚО бойынша – 179268 теңгені құрады, бұл республикалық көрсеткіштен 14550 теңгеге артық.

Шығыс Қазақстан облысы еңбек қызметінен түскен табыс 116518 теңгені құрады, бұл Қазақстан Республикасы көрсеткішінен 4928 теңгеге аз. Бұл ретте ШҚО-да жалдамалы жұмыстан түскен табыс республикалық көрсеткіштен 382 теңгеге жоғары, ал өз бетінше жұмыспен айналысудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс республика бойынша 5310 теңгеге төмен.

Шығыс Қазақстан облысында зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегі түріндегі әлеуметтік трансферттер 56086 теңгені құрады, бұл Қазақстан Республикасы бойынша көрсеткіштен 19925 теңгеге жоғары. Туыстары мен таныстарының материалдық көмегі 4899 теңгені құрады, бұл республика бойынша көрсеткіштен 162 теңгеге артық.

Шығыс Қазақстан облысы халқының жан басына шаққандағы өзге де ақшалай табысы 1765 теңгені құрады, бұл республика бойынша көрсеткіштен 609 теңгеге кем.

Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстан Республикасы халқының 2018 жылға, сондай-ақ 2018 жылдың тоқсандық орташа жан басына шаққанда ақшалай табыстарының құрылымын 2-суретте қарауға болады.



2-сурет – 2018 жылғы тоқсандағы Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысы халқының ақшалай табыстарының құрылымы, %
Ескерту – [11] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

2-сурет көрсетілгендей, Шығыс Қазақстан облысында кен қызметінен түскен табыс 65%-ды, ал Қазақстан Республикасында – 73,7%-ды құрайды. Әлеуметтік трансферттер түріндегі кірістерге Шығыс Қазақстан облысында 31,3% келеді, бұл республикалық көрсеткіштен (21,9%) жоғары, туыстар мен таныстардан материалдық көмек үлесі 2,7% құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен (3,0%) төмен, ал өзге де табыстар үлесі 1,0% құрайды, Қазақстан Республикасы бойынша ол 1,4%.

Халықтың ақшалай табысын пайдаланудың бағыттары тұтыну және жинақтау болып табылады. Бұл ретте жинақтауға кететін табыс үлесі жоғары болған сайын, ел халқының өмір сүру деңгейі соғұрлым жоғары және керісінше, тұтынуға кететін табыс үлесі неғұрлым көп болған сайын, халықтың өмір сүру деңгейі соғұрлым төмен.

Халықтың ақшалай шығындары халықтың тұтыну шығындарынан, сондай-ақ тұтынуға байланысты емес өзге де шығындардан тұрады.

Тұтыну шығындары – тұтыну тауарлары мен қызметтерін сатып алуға бағытталған халықтың ақшалай шығындарының бір бөлігі. Тамақ өнімдерін сатып алу, үйден тыс жерде тамақтануға, алкогольді ішімдіктерді, темекі бұйымдарын, азық-түлік емес тауарларды және ақылы қызметтерді сатып алуға арналған шығындарды қамтиды.

Шығыс Қазақстан облысы мен Республикада тұтынуға кеткен халықтың табысы орта есеппен тоқсан ішінде үш жылдық динамикада 5-кестеде берілген.

5-кесте – Тоқсан ішіндегі халықтың орташа жан басына шаққанда тұтынуға жұмсалған табыстары

Тұтынуға пайдаланылатын кірістердің құрылымы	Қазақстан Республикасы			Шығыс Қазақстан облысы			Шығыс Қазақстан облысының Қазақстан Республикасына қатынасы (+,-)		
	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Орта есеппен, бір тоқсанда жан басына шаққанда, теңге									
Тұтынуға пайдаланылған табыс, барлығы	139706	152750	169403	155847	175500	187012	16141	22750	17609
Оның ішінде							0	0	0
Жеке шаруашылықта өндірілген және заттай көріністе ұсынылған дотациялар мен жеңілдіктерді тұтыну құны	7226	7139	6206	13739	12749	9702	6513	5610	3496
Тұтынуға пайдаланылған ақшалай табыс	132480	145611	163197	142108	162715	177310	9628	17104	14113
Ескерту – [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған									

5-кестенің деректерінде көрсетілгендей, ШҚО-да 2018 жылдың тоқсанында тұтынуға пайдаланылған табыс 187012 теңгені құрады, бұл Қазақстан Республикасы бойынша көрсеткіштен 17609 теңгеге жоғары, бұл ретте осы соманың 94,8 %-ын Шығыс Қазақстан облысы тұрғындары тұтынуға жұмсады, ал осы соманың 5,2 %-ын жеке шаруашылықта өндірілген және заттай көріністе берілген дотациялар мен жеңілдіктерді тұтыну құнын құрады.

Жалпы алғанда, тоқсанына тұтынуға кететін табыс орташа жан басына шаққанда 2018 жылғы Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2016 жылмен салыстырғанда 31165 теңгеге өсті, ал республика бойынша бұл өсім 29627 теңгені құрады.

Сонымен бірге, 2018 жылдың тоқсанында Шығыс Қазақстан облысы халқының алған орташа табысы 179268 теңгеге тең 177310 теңге тұтыну үшін жұмсалды, бұл 98,9 % құрады. Қазақстан Республикасы бойынша осы кезеңде орташа есеппен 164718 теңге ақшалай табыстың 163197 теңге немесе 99,1% тұтынылды.

Қазақстан Республикасы мен ШҚО бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте – Қазақстан Республикасындағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің динамикасы

Аймақтар	Тоқсанда күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы, теңге			орташа республикалық шамаға пайызбен		
	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.
Қазақстан Республикасы	22972	25 084	28319	100,0	100,0	100,0
Шығыс Қазақстан облысы	23525	25 955	29593	102,4	103,5	104,5
Ескерту – [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған						

Айта кету керек, 2018 жылдың қаңтарынан бастап, күн көріс минимумының құрылымы өзгертілді. Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге арналған шығындардың тіркелген үлесі ең төменгі тұтыну себетінің құнына 45% мөлшерінде белгіленген [13].

Орташа есеппен республика бойынша 2018 жылға күнкөрістің ең төменгі деңгейінің жалпы құрылымында 56 % азық-түлік тауарларына тиесілі, ал 44 % азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерді құрады.

Тұтыну мен күнкөріс минимумының шамасына пайдаланылған табыстың арақатынасы (табыстың сатып алу қабілеті) орташа тоқсанда 3 жылдың динамикасында 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте – Қазақстан Республикасы мен Шығыс Қазақстан облысында орташа тоқсанда тұтынуға және күнкөріс минимумының шамасына пайдаланылған табыстың арақатынасы, %

Аймақтар	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 жылға өсім	
				2017 ж.	2018 ж.
Қазақстан Республикасы	190,5	192,9	185,4	2,4	-5,1
Шығыс Қазақстан облысы	212,9	220,2	212,5	7,3	-0,4
Қазақстан Республикасына қатысты Шығыс Қазақстан облысы, %	22,4	27,3	27,1		

Ескерту – [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

7-кестенің деректерінде көрсетілгендей, тұтынуға пайдаланылған табыс деңгейінің өсуі 2018 жылға қарасақ, 2016 жылға қарағанда республика бойынша (-5,1 %), ал Шығыс Қазақстан облысы бойынша (-0,4) құрады. Бұл ретте тұтынуға пайдаланылған табыстың және Қазақстан Республикасы бойынша көрсеткішке қатысты Шығыс Қазақстан облысында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына арақатынасының көрсеткіштері талдаудың барлық кезеңі ішінде жоғары болды. 2018 жылғы жағдай бойынша бұл өсу 27,1 % құрады, 2016 жылдың көрсеткішіне қарағанда – 22,4 %.

Тұтынуға кететін табыс көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасындағы ең төменгі күнкөріс деңгейінен асып түсуі белгіленген тұтыну нормасы Қазақстан Республикасы азаматының тұтынуға арналған орташа шығынынан 2 есе аз екендігін көрсетеді.

Бұдан әрі өткен үш жылдың динамикасында Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстан Республикасы халқының шығыстарын барынша егжей-тегжейлі қарауға көшеміз. Халықтың орташа жан басына шаққанда 2016–2018 жылдардағы тоқсандағы ақшалай шығындарын талдаймыз, 8-кесте.

8-кесте – Тоқсанда халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыстары, теңге


Ақшалай шығыстардың құрылымы	Қазақстан Республикасы			Шығыс Қазақстан облысы			Шығыс Қазақстан облысының Қазақстан Республикасына қатынасы (+,-)		
	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.
Ақшалай шығыстар-барлығы	132480	145611	163197	142108	162751	177310	9628	17140	14113
Оның ішінде:									
1.Тұтыну шығындары	124149	135896	152378	131130	150060	163009	6981	14164	10631
Оның ішінде:									
азық-түліктауарларына	60347	67652	76867	65575	75357	88081	5228	7705	11214
азық-түлік емес тауарлар	35580	38102	41913	38533	42909	42509	2953	4807	596
Ақылы қызметтер	28222	30142	33598	27022	31814	32419	-1200	1672	-1179
2.Туысқандары мен таныстарына материалдық көмек, алименттер	3905	4123	4339	4800	4718	5898	895	595	1559
3.Салықтар, төлемдер және басқа да төлемдер	226	281	318	232	322	315	6	41	-3
4.Несие мен борышты өтеу	4200	5311	6162	5946	7651	8088	1746	2340	1926

Ескерту – [14] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

8-кестенің деректерінде көрсетілгендей, халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығындары барлық қарастырылып отырған жылдар ішінде үнемі ұлғайған, бұл ретте Шығыс Қазақстан облысы халқының шығындарының өсуі республика бойынша өсімнен асып түсті.

Шығыс Қазақстан облысы халқының жан басына шаққандағы ақшалай шығындары 2018 жылы республика бойынша көрсеткіштен 14113 теңгеге жоғары болды, тұтыну шығындарының өсуі 10613 теңгені құрады, туыстарына материалдық көмек 1559 теңгеге өсті, салықтар және басқа да төлемдер 3 теңгеге қысқарды, ал несиелер мен борыштарды өтеу 19,26 теңгеге өсті.

Халықтың ақшалай шығындарының құрылымы орташа есеппен 2018 жылғы ақша шығысына пайызбен 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – 2018 жылғы орта есеппен халықтың ақшалай шығыстарының құрылымы ақшалай шығыстарға пайызбен

Ескерту – [14] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстан Республикасы тұрғынының тұтыну шығындарына 2018 жылы 93,4 %, ал Шығыс Қазақстан облысында 91,9 % келеді. Екінші орында несиелер мен қарызды өтеу шығындары тұр, яғни ҚР-ның бір тұрғынына бұл көрсеткіш 3,8 %, ал Шығыс Қазақстан облысы тұрғынына 4,6, бұл республикалық деңгеймен салыстырғанда халықтың көп борыштық жүктемесін көрсетеді.

Үшінші орында туысқандарына материалдық көмек және алимент түріндегі шығындар жүріп жатыр, мәселен, Қазақстан Республикасының 1 тұрғыны осы мақсаттарға барлық шығындардың 2,6 %-ын, ал Шығыс Қазақстан облысының 3,3 %-ын жұмсайды. Салық және өзге де төлемдерді төлеуге арналған шығындарға келетін болсақ, мұнда Шығыс Қазақстан облысы көрсеткіші республика бойынша – барлық шығындардың 2 %-ы көрсеткішіне тең.

Халықтың жан басына шаққандағы тұтыну шығындары құрылымының динамикасын қарастырайық, 9-кесте.

9-кесте – Тоқсанда халықтың орташа жан басына шаққандағы тұтыну шығыстары, теңге

Тұтыну шығыстарының құрылымы	Қазақстан Республикасы			Шығыс Қазақстан облысы			Шығыс Қазақстан облысының Қазақстан Республикасына қатынасы (+,-)		
	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.
Тұтыну шығыстары-барлығы	124149	135896	152378	131130	150060	163009	6981	14164	10631
Оның ішінде:									
1. Азық-түлік тауарларына	60347	67652	76867	65575	75337	88081	5228	7685	11214


Оның ішінде:									
азық-түлік және алкогольсіз сусындар	54992	61708	69513	59523	67498	77649	4531	5790	8136
Үйден тыс тамақтану	3085	3388	3716	2571	3316	4636	-514	-72	920
Алкогольді сусындар	891	937	1267	1173	1427	1937	282	490	670
Темекі бұйымдары	1318	1537	2279	2171	2912	3667	853	1375	1388
2. Азық-түлік емес тауарлар	33580	38102	41913	38533	42909	42509	4953	4807	596
3. Ақылы қызметтер	28222	30142	33598	27022	31814	32419	-1200	1672	-1179
Ескерту – [14] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған									

Қазақстан Республикасы халқының тұтыну шығындары 3 негізгі бағытқа бөлінеді: азық-түлік тауарларына, азық-түлік емес тауарларға және ақылы қызметтерге шығындар.

Халықтың азық-түлік тауарларына шығындары 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 16520-ға өсті, ал Шығыс Қазақстан облысы бойынша өсім 22506 теңгені құрады. Бұл ретте Шығыс Қазақстан облысының 1 тұрғынының азық-түлік тауарларының шығындары Қазақстан бойынша шығындардан 11214 теңгеге артық.

2018 жылы Шығыс Қазақстан облысының 1 тұрғынының азық-түлік емес тауарларының шығындары орташа есеппен Қазақстан бойынша 596 теңгеге артық, ал ақылы қызметтердің шығындары осы кезеңде Шығыс Қазақстан облысының 1 тұрғынының Қазақстан бойынша көрсеткішінен 1179 теңгеге аз.

Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысы тұрғынының 2018 жылғы тұтыну шығындарының құрылымы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет – 2018 ж. тоқсанына орташа халықтың тұтыну шығыстарының құрылымы тұтыну шығысына пайызбен

Ескерту – [14] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

4-суретте көрсетілгендей, Шығыс Қазақстан облысы тұрғынының тұтыну шығындары құрылымында 2018 жылы бірінші орынды азық – түлік тауарлары -54 %, орташа Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш 50,5 % құрайды. Екінші орында азық - түлік емес тауарларға шығындар – тұтыну шығындары тұр, Шығыс Қазақстан облысында 26,1 %, ал Қазақстан Республикасы бойынша -27,5 % келеді. Ақылы қызметтер ШҚО тұрғынының барлық тұтыну шығындарының 19,9 %-ын алып, үшінші орында тұр.

Азық-түлік өнімдеріне ШҚО 1 тұрғыны 2018 жылдың тоқсанында орташа алғанда барлық тұтыну шығындарының 47,6 %-ын немесе 77649 теңгені, ал 2016 жылы 45,4 %-ын немесе 59523 теңгені жұмсады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы бойынша бұл көрсеткіш 2018 жылы 45,6 % немесе 69513 теңгені, ал 2016 жылы 44,3 % немесе 54992 теңгені құрады.

Негізгі азық-түліктерді табиғи түрде тұтынуы елдің 1 тұрғынының орташа есеппен жылына 10-кестеде көрсетілген.

10-кесте – Қазақстан Республикасындағы орташа жан басына шаққанда негізгі азық-түлік өнімдерін тұтыну, кг

Азық-түлік өнімдері	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 ж. өсім	
					2015 ж. қатысты	2017 ж. қатысты
Нан өнімдері және жарма өнімдері	129,8	130,7	133,7	140	10,2	6,3
Ет және ет өнімдері	73,6	72,9	72,9	77,3	3,7	4,4
Балық және теңіз өнімдері	11,3	10,9	10,7	13,1	1,8	2,4
Сүт және сүт өнімдері	233,6	235,5	237,7	260,4	26,8	22,7
Жұмыртқа (дана)	164,0	164,7	168,5	191,2	27,2	22,7
Май және тоқ май	19,3	19,5	19,5	18,4	-0,9	-1,1
Жемістер	64,4	61,4	64,6	75	10,6	10,4
Көкөністер (картопжөк)	90,2	89,3	88,5	94,1	3,9	5,6
Картоп	48,5	48,6	46,9	48,3	-0,2	1,4
Қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер	41,9	40,7	41,3	45,8	3,9	4,5

Ескерту – [15] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Сонымен, 2018 жылы 2016 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда барлық негізгі тамақ өнімдерін тұтыну артты, тек бір адамға сұйық май мен майларды (-0,9 кг), сондай-ақ картопты (-0,2 кг) тұтыну ерекшелігі болды. Тұтынудың ең жоғары өсуі 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда сүт және сүт өнімдері бойынша – жан басына шаққанда 26,8 кг.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, жоғарыдағы зерттеулерді түйіндей отырып, келесі қорытындылар жасауға болады.

2016 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде халықтың ақшалай кіріс көздеріне жүргізілген талдау атаулы ақшалай табыстар мен орташа жалақының айтарлықтай өсуіне қарамастан, халықтың негізгі массасының материалдық әл-ауқатына тауарлар мен қызметтерді нақты тұтынуды төмендететін тұтыну бағаларының тұрақты өсуі елеулі әсер ететінін көрсетті. Халық негізінен азық-түлік тауарларын сатып алуға ақша жұмсауға мәжбүр. Бұдан басқа, жалақының аумақтық белгісі бойынша да саралануы байқалады. Бұл екі фактормен түсіндіріледі: нақты өңірдің салалық мамандануы және жалақы көлемін анықтайтын оның географиялық жағдайы. Дамыған өндіруші өнеркәсібі бар аудандарда жалақы орташа республикалық деңгейден айтарлықтай жоғары.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, орташа жан басына шаққанда тұтыну шығындары алынған табысты толығымен жабады. Яғни, орташа жан басына шаққанда табыстың барлығы жинақтарды қалыптастырмай, тұтынуға жұмсалады.

Қазақстан тұрғынымен салыстырғанда, Шығыс Қазақстан облысы тұрғыны тұтынуға көп шығындаса да, оның ақылы қызметтер мен азық-түлік емес тауарларға жұмсалатын шығындары төмен екен. Бұл Шығыс Қазақстан облысы тұрғыны шығынның көп бөлігін азық-түлік тауарларын және бірінші кезекте азық-түлік өнімдерін сатып алу есебінен қалыптастыратынын көрсетеді.

Халықтың өмір сүру құны орташа табыс пен жалақыға қарағанда жылдам қарқынмен өсуде, осылайша ай сайын жалақының нақты көлемін және оның сатып алу қабілетін азайта отырып, ең бастысы адамдардың өмір сүру деңгейін төмендетеді.

Табысты тиімді мемлекеттік реттеу азаматтардың өмір сүру деңгейін қолдау мен арттыру үшін алғышарттар жасайды және елдің экономикалық қауіпсіздігі тұжырымдамасының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Жүргізіліп жатқан әлеуметтік – экономикалық саясатты бағалау үшін мемлекеттік билік органдарының халықпен кері байланысын қамтамасыз ететін мониторинг қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Федоренко Н. П., Римашевская Н. М. Система экономико-математических моделей для анализа и прогноза уровня жизни. – М.: Форум, Инфра-М, 2015. – 256 с.
2. Бузляков Н. И. Методы планирования повышения уровня жизни / Н.И. Бузляков. – М.: Экономика, 2015. – 208 с.
3. Жеребин В. М. Уровень жизни населения / В. М. Жеребин, А. Н. Романов. – М.: Финансы, 2015. – 230 с.
4. Майер В. Ф. Планирование социального развития и повышение уровня жизни народа / В. Ф. Майер. – М.: Изд-во МГУ, 1988. – 271 с.
5. Сыздыков М., Давильбекова Ж. Уровень и качество жизни населения, методологический аспект. – Алматы: Экономика. – 2014. – 362 с.
6. Берешев С., Можарова В., Пак В. Анализ показателей социального развития, как критерий качества жизни. – Алматы: Спектр. – 2016. – 374 с.
7. «Халықтың атаулы ақшалай табыстарын есептеу (бағалау) жөніндегі әдістемені бекіту туралы» ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 214 бұйрығы.
8. «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу нәтижелері бойынша кірістерді есептеу әдістемесін бекіту туралы» ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 55 бұйрығы.
9. Оценка номинальных денежных доходов населения по регионам Республики Казахстан за 2010-2018 годы [Электронды ресурс]. // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Офиц. сайт]. – URL: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (қарау уақыты: 17.01.2020).
10. Структура денежных доходов и расходов по регионам Республики Казахстан за 2010-2018 годы [Электронды ресурс]. // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Офиц. сайт]. – URL: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (қарау уақыты: 17.01.2020).
11. Доходы населения используемые на потребление за 2018 год [Электронды ресурс]. // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Офиц. сайт]. – URL: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (қарау уақыты: 17.01.2020).
12. Мониторинг уровня жизни населения в Республике Казахстан (электронные таблицы) за 2015-2018 годы [Электронный ресурс]. // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Офиц. сайт]. – URL: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (қарау уақыты: 17.01.2020).
13. «Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидаларын бекіту және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстардың тіркелген үлесін белгілеу туралы» ҚР ЕЖХӘҚМ 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 296 және ҚР ҰЭМ 2017 жылғы 9 қазандағы № 354 бірлескен бұйрығы.
14. Расходы населения по регионам Республики Казахстан [Электронды ресурс]. // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Офиц. сайт]. – URL: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (қарау уақыты: 17.01.2020).
15. Потребление продуктов питания населением Республики Казахстан [Электронды ресурс]. // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Офиц. сайт]. – URL: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (қарау уақыты: 17.01.2020).

REFERENCES

1. Fedorenko, N. P. and Rimashevskaja, N. M. (2015), «Sistema jekonomiko-matematicheskikh modelej dlja analiza i prognoza urovnja zhizni», Moscow, Forum, Infra-M, 256 p. (in Russian).
2. Buzljakov, N. I. (2015), «Metody planirovanija povyshenija urovnja zhizni» / N. I. Buzljakov, Moscow, Jekonomika, 208 p. (in Russian).

3. Zherebin, V. M. And Romanov, A. N. (2015), «Uroven' zhizni naselenija» , Moscow, Finansy, 230 p. (in Russian).
4. Majer, V. F. (1988), «Planirovanie social'nogo razvitija i povyshenie urovnja zhizni naroda» , Moscow, Izd-vo MGU, 271 p. (in Russian).
5. Syzdykov, M. and Davil'bekova Zh. (2014), «Uroven' i kachestvo zhizni naselenija, metodologicheskij aspekt» , Almaty, Jekonomika, 362 p. (in Russian).
6. Bereshev, S., Mozharova, V. and Pak, V. (2016), «Analiz pokazatelej social'nogo razvitija, kak kriterij kachestva zhizni» , Almaty, Spektr, 374 p. (in Russian).
7. «Halyktyn ataulы akshalaj tabystaryn esepтеu (bagalau) zhonindegi aedistemeni bekіtu turaly» , KR ҰJeM Statistika komiteti Toragasyryn 2016 zhylygy 21 kyrkujektegi № 214 bujrygy (in Kazakh).
8. «Turmys dengejin bagalau bojynsha yj sharuashylyktaryn iriktep zertтеu naetizheleri bojynsha kiristerdi esepтеu aedistemesin bekіtu turaly» KR ҰJeM Statistika komiteti Toragasyryn 2017 zhylygy 31 nauryzdagy № 55 bujrygy. (in Kazakh).
9. «Ocenka nominal'nyh denezhnyh dohodov naselenija po regionam Respubliki Kazahstan za 2010-2018 gody» , Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan, available at: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (accessed: January 17, 2020) (in Russian).
10. «Struktura denezhnyh dohodov i rashodov po regionam Respubliki Kazahstan za 2010-2018 gody» , Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan, available at: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (accessed: January 17, 2020) (in Russian).
11. «Dohody naselenija ispol'zuemye na potreblenie za 2018 god» , Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan, available at: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (accessed: January 17, 2020) (in Russian).
12. «Monitoring urovnja zhizni naselenija v Respublike Kazahstan (jelektronnye tablicy) za 2015-2018 gody» , Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan, available at: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (accessed: January 17, 2020) (in Russian).
13. «En tomengi kunkoris dengejinin shamasyn esepтеu kagidalaryn bekіtu zhaene azyk-tylik emes tauarlar men korsetiletin kyzmetterge arnalgan shygystardyn tirkelgen ulesin belgileu turaly» KR EzhHAeQM 2017 zhylygy 7 kyrkujektegi № 296 zhaene KR UJeM 2017 zhylygy 9 kazandagy No. 354 birlesken bujrygy. (in Kazakh).
14. «Rashody naselenija po regionam Respubliki Kazahstan» , Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan, available at: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (accessed: January 17, 2020) (in Russian).
15. «Potreblenie produktov pitanija naseleniem Respubliki Kazahstan» , Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan, available at: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper> (accessed: January 17, 2020) (in Russian).

SUMMARY

This article provides an in-depth analysis of cash incomes and expenditures of the region's population, due to the fact that, on the one hand, it is a monitoring of the process of changing the living standards of the population of the republic, on the other hand, it is a necessary basis for the development and implementation of state programs of social development aimed at improving the quality of life of the population.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада өңір халқының ақшалай табыстары мен шығындарына терең талдау жүргізілді, себебі бұл, бір жағынан, республика халқының өмір сүру деңгейінің өзгеру процесінің мониторингі, екінші жағынан, бұл халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік дамудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру үшін қажетті база.

РЕЗЮМЕ

В данной статье проведен глубокий анализ денежных доходов и расходов населения региона, в связи с тем, что это, с одной стороны, мониторинг процесса изменения уровня жизни населения республики, с другой стороны, это необходимая база для разработки и осуществления государственных программ социального развития направленных на повышение качества жизни населения.

КРАТКИЕ СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ

Кунафина Гульжан Тохтаргазыновна – кандидат экономических наук, старший преподаватель кафедры, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Нур-Султан, Республика Казахстан, e-mail: GKunafina_vkgtu@mail.ru.

Сорокина Людмила Ивановна – кандидат экономических наук, доцент, Восточно-Казахстанский государственный технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Республика Казахстан, e-mail: lsi1702@mail.ru.

Рахимбердинова Мадина Умаргалиевна – доктор PhD, доцент Восточно-Казахстанский государственный технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, e-mail: rmu_uk@mail.ru.

MPHTI 06.77.61

JEL Classification: J64

APPLICATION OF THE CLUSTER ANALYSIS METHOD IN ASSESSMENT OF THE RATE OF UNEMPLOYMENT IN KAZAKHSTAN

E. K. Buitek¹, S. A. Kaliyeva²

¹University of International Business, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Institute of Economics of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan,
Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The research paper was prepared as a part of grant project on «Increasing the competitiveness of national human resources as a condition of balancing the labor resources and job places» (IRN of the project AP05132547, 2018-2020).

The purpose of research. Paper is to study the labor market in Kazakhstan in the regional context using cluster analysis methods and identify the peculiarities of the situation at the labor market of country's territorial units in order to define the impact of a set of specific factors on unemployment.

Methodology. The method used to create clusters of objects (across 17 territorial units of Kazakhstan) is cluster analysis in combination with quantitative method of correlation and regression analysis. A segmentation of regions is observed for the years of 2014 to 2019, based on selected indicators of the labor market situation. The data collected from the databases of the official statistical information of the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of Kazakhstan.

Originality / value of the research. The current state of the labor market in regions of Kazakhstan (14 regions and 3 cities of national importance) is analyzed, and a system of statistical indicators that influence the state and development of this market is formed. Based on the obtained results, a differentiated approach of developing measures was proposed in order to reduce the unemployment in the country.

Research results. The main results obtained include: The author carried out the clustering of regions of Kazakhstan by the level of labor market development using the method of cluster analysis. According to